

Анықтама

№ 99 орта мектебінде 2025-2026 оқу жылының қаңтар – ақпан айында «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында экологиялық мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында өткізілетін іс-шаралар жоспары жасалды

Мақсаты: «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті тұжырымдамасын 2024-2029 жылдарға іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 60-тармағын орындау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, экологиялық ағартушылық қағидаттарын ілгерілету бойынша жүйелі және белсенді жұмыстарды жүргізу.

№	Экологиялық бағыттар	Мерзімі	Жауапты
1	Экология бойынша білім беру және үгіт- насихат бағдарламаларын іске асыру	19-23 қаңтар 2026 жыл	А.Ізімғалиева, мектеп тәлімгері
2	Экологиялық акциялар, байқаулар, фестивальдер, көрмелер, және басқа да қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыру	26-30 қаңтар 2026 жыл	Г.Қасымова, биология пәні мұғалімі
3	Табиғи аймақтарды аббатандыруға қатысу, еріктілік қызмет, экологиялық жобаларды қолдау	02 – 06 ақпан 2026 жыл	А.Укибаева, биология пәні мұғалімі
4	Қоршаған ортаны қорғау туралы білімді таратуға бағытталған ақпараттық науқандар мен іс-шараларды өткізу	09 – 13 ақпан 2026 жыл	Г.Смагулова, химия-биология пәндер бірлестігі жетекшісі
5	Ағартушылық материалдарды жасау және тарату, бейнероликтер, мақалалар, әлеуметтік желілер мен онлайн-платформалар контент жариялау	16 – 20 ақпан 2026 жыл	М.Батырбеков, биология пәні мұғалімі
6	Экологиялық және тұрақты даму мәселелері бойынша өзіндік әдістемелік, білім беру және цифрлық ресурстарды әзірлеу және пайдалану	23 – 27 ақпан 2026 жыл	Ш.Сулейменова, дир.ғылыми-әдістемелік жұмыс жөн.орынбасары. А.Бермаханова, биология пәні мұғалімі

Жоспарға сәйкес іс-шаралар уақытылды орындалып, әлеуметтік желіге жүктелді. мектеп тәлімгері А. Ізімғалиева "Жас Ұлан" ұйымының оқушыларына «Таза Қазақстан – жарқын болашақ» атты түсіндірме жұмысын жүргізді. Мақсаты – азаматтарды табиғатты аялауға, қоғамдық орындарда тазалық сақтауға және экологиялық жауапкершілікті арттыруға жұмылдыру. Түсіндірме жұмысы аясында:

- қоршаған ортаны ластаудың алдын алу;
- тұрмыстық қалдықтарды дұрыс басқару;
- көгалдандыру және тазалық акцияларына қатысу;
- экологиялық тәрбие мен мәдениетті насихаттау сияқты бағыттар қамтылды.

<https://www.facebook.com/100043847550274/posts/pfbid07pcFi1jVVPNCuxcyuL8E2A7UN2YaMcaErZhaoDvZaEm8vUv6ULFtiPHrkSjJEZfol/>

Экологиялық акциялар, байқаулар, фестивальдер, көрмелер, және басқа да қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыру бағыты бойынша 9-сыныптар арасында сурет байқауы өткізілді. Мақсаты – азаматтарды табиғатты аялауға, қоғамдық орындарда тазалық сақтауға және экологиялық жауапкершілікті арттыруға жұмылдыру. Сурет байқауын ұйымдастыру барысында оқушыларымыз экологиялық мәдениеті қалыптасқан қоғамның белсенді мүшесі ретінде таныла бастады. Болашақ ұрпақ үшін таза орта – бүгінгі әрекетімізден басталады!

<https://www.facebook.com/share/p/17wgoi12vY/>

2026 жылдың 02–06 ақпан аралығында мектебімізде «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыру, экологиялық сананы қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғауға белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Табиғи аймақтарды абаттандыру жұмыстары, еріктілік қызметке қатысу, экологиялық жобаларды қолдау, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған тәрбиелік жұмыстар жүргізілді.

Оқушылар қоршаған ортаны аялау, экологиялық мәселелер тақырыбында бейнероликтер түсіріп, белсенділік танытты. Іс-шаралар барысында оқушылар табиғатты аялаудың маңызын терең түсініп, экологиялық мәдениеттің негіздерін бойларына сіңірді. Іс-шара ұйымдастырушы: А. Укибаева – биология пәні мұғалімі.

<https://www.facebook.com/share/v/1Akk2N7iEv/?mibextid=wwXlfr>

2026 жылдың 09–12 ақпан аралығында химия,биология бірлестік жетекшісі Г.Смагулова қоршаған ортаны қорғау туралы білімді таратуға ақпараттық науқандар мен іс-шаралар ұйымдастырды.

Мақсаты: «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын 2024-2029 жылдарға іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 60-тармағын орындау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, экологиялық ағартушылық қағидаттарын ілгерілету бойынша жүйелі және белсенді жұмыстарды жүргізу.

1.Қоршаған ортаны қорғау, суды үнемдеу, айналаны қоқыстан тазарту мәселелері бойынша оқушылармен түсіндірме жұмыстары өткізілді.

2.8 «Б» сыныбы оқушыларымен химия пәнінің мұғалімі Г.Смагулова экологиялық сағат өткізді. Іс-шара барысында топтық жұмыс, бейнероликтер, үндеу жасау сияқты жұмыстар ұйымдастырылды. Ой қозғау «Экология деген не?» сұрағына жауап беру арқылы жүзеге асты. ақпараттық мәліметтер бере отырып, «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында экологиялық мәдениетті қалыптастыру төңірегінде мәліметтер берілді. Үш топқа бөлінген оқушылар өздеріне берілген тапсырмаларды орындады:

1-топ «Ауа мен климат»

2-топ «Су ресурстарын қорғау»

3-топ «Қалдықтарды басқару»

Осы берілген тақырып бойынша топтық жұмыстар постер қорғады. Әр топ бейнеролик түсіру арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастырудың маңызына тоқталды. Болашақ ұрпаққа таза әрі қауіпсіз орта қалдыра алатыны баса айтылды.


Әр топ өз экологиялық ұранын айтып өтті. Сонымен бірге қысқа үндеу арқылы қорытынды жасалды. «Мен табиғатты қорғау үшін не істей аламын?»- деген сұрақ бойынша оқушылардың жеке пікірі тыңдалды.

Экологиялық мәдениеттің маңызын, табиғатты қорғаудың қажеттілігі талқыланды. Қазіргі таңда ауа ластануы, су тапшылығы, қоқыс мәселесі – бүкіл әлемді аландатып отырған өзекті проблемалар. Бұл мәселелердің барлығы адам әрекетімен тығыз байланысты. Табиғатты қорғау- тек эколог мамандардың ғана емес әрбір саналы азаматтың міндеті. Егер біз бүгіннен бастап қоршаған ортаға жанашырлықпен қарап, ресурстарды үнемдеп, қалдықтарды дұрыс басқаруды үйренсек, болашақ ұрпаққа таза әрі қауіпсіз орта қалдырамыз, - деп қорытынды жасалды.



<https://www.facebook.com/share/v/1CYVjZsFXZ/>

16 – 20 ақпан күндері химия пәні мұғалімі Батырбеков Мұхтасар 9-сынып оқушыларына интернет желісін тиімді пайдалану, ағартушылық материалдарды жасау және тарату, бейнероликтер мен мақалалар әзірлеу, сондай-ақ әлеуметтік желілер мен онлайн платформаларда сапалы контент жариялау тақырыптарында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, платформаларды тиімді пайдалану жолдарын көрсетті. Іс – шаралар барысында оқушылар бейнероликтер түсіруді, мақалалар әзірлеуді үйренді.



<https://www.facebook.com/share/v/19sZSqrYyg/>

23 – 27 ақпан күндері оқушыларға экологиялық білім беру мақсатында құқық пәні мұғалімі Ш.Сулейменова, 10 «Ә» сыныбында экологиялық танымдық сабақ өткізді. Мақсаты: экологиялық және тұрақты даму мәселелері бойынша өзіндік әдістемелік, білім беру және цифрлық ресурстарды әзірлеу және пайдалану. Сабақ барысында экологиялық құқық негіздері - бұл табиғи ресурстарды қорғау, қоршаған ортаны сақтау және адамның экологиялық құқықтарын қамтамасыз ету бойынша заңнамалық нормалар мен қағидалар жиынтығы екендігі, экологиялық құқық негіздерінің маңызды элементтері мен экологиялық құқық негіздерінің қағидаларына тоқталды. Сабақ барысында әдістемелік, білім беру және цифрлық ресурстарды тиімді пайдалана білді.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында биология пәні мұғалімі А.Бермаханова 8-сынып оқушыларына «Экология және біз» тақырыбында сыныптан тыс жұмыс жүргізді.

Жұмыстың мақсаты – оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау жауапкершілігін арттыру, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және тұрақты даму қағидаларын түсіндіру. Жұмыс барысында пән мұғалімі білім беру және цифрлық ресурстарды оңтайлы пайдалана білді. Қорытындысында оқушылар табиғатты қорғау – әр азаматтың міндеті екендігін түсініп, экологиялық жауапкершілік танытуға дайын екендіктерін көрсетті.

<https://www.facebook.com/share/p/17x3pViCVs/>